

# ЖШС "Диана 2019" балабақшасы

## №3 ХАТТАМА

25 .12.2025 жыл

### №3 педагогикалық кеңес

**Төрайымы:** Аметова Г.Н.

**Қатысқандар:** Педагогикалық ұжым мүшелері (тізім қоса беріледі)

#### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
2. Облыстық семинар нәтижелерін талқылау.
3. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекет бақылау парағы нәтижесінің қорытындысы.
4. «Жасыл балабақша» экологиялық жоба өткізу
5. Балалардың дене шынықтыруда ұлттық ойындарды игеру деңгейі ересек топ

#### **1-ТЫҢДАЛДЫ:**

**Әдіскер Аметова Г.Н.** өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелердің орындалуы туралы есеп берді. Есепте құқықтық сауаттылық бағыты бойынша топтарда құқық бұрышының жаңартылғаны, балалармен қауіпсіздік және құқық тақырыптарында қысқа әңгімелер мен ойындардың өткізілгені айтылды.

Балалардың тәрбие-білім дағдыларына жүргізілген мониторинг нәтижесінде көпшілік көрсеткіштің жас ерекшелік нормасына сәйкес екені, ал жеке қолдауды қажет ететін балалармен түзету жұмыстары жалғасып жатқандығы баяндалды.

Таңғы жаттығуларды бақылау барысында тәрбиешілердің жаттығуларды дұрыс көрсететіні анықталып, бірқатар топтарға музыкалық сүйемелдеу енгізу ұсынылғаны атап өтілді.

#### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Меңгеруші ұйымдастырылған іс-әрекет сапасының артқанын, топтар бойынша тақырыптық жоспарлардың жүйелі жүргізіліп жатқанын айтты.

Тәрбиешілер оқу құралдарын жаңарту мәселесін көтерді.

#### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Педагогтер өз пікірлерімен бөлісті:

- Музыка жетекшісі семинардағы шығармашылық бағыттағы шеберлік сағаттарының тиімді болғанын айтты.
- Тәрбиешілер семинар материалдарын тәжірибеге енгізуге дайын екендерін білдірді.

#### **3-ТЫҢДАЛДЫ:**

Әдіскер Аметова Г.Н. бірінші жарты жылдықта топтарда жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парақтарының қорытындыларын ұсынды. Бақылауда тәрбиешілердің тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруы, әдіс-тәсілдерді қолдануы, балалардың белсенділігі мен қызығушылығы, дамытушы орта сапасы талданғаны айтылды. Көпшілік топтарда ұйымдастырылған іс әрекеттер жүйелі жүргізілетіні, алайда жекелеген бағыттар бойынша әдістемелік қолдау қажеттігі көрсетілді.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Меңгеруші бақылау нәтижелері педагогтардың кәсіби өсуіне және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтіп, анықталған ұсыныстарды жұмыс барысында ескеруді тапсырды.

Психолог балалардың эмоционалдық дағдыларын дамыту бағытын күшейтуді ұсынды.

Тәрбиешілер көрсетілген әдістемелік қолдау үшін ризашылық білдіріп, өз топтарының нәтижелерін талдай отырып, алдағы кезеңде дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыратынын айтты.

### **4-ТЫҢДАЛДЫ:**

Әдіскер Аметова Г.Н. «Жасыл балабақша» экологиялық жобасын өткізу жоспарына тоқталды. Жоба шеңберінде топтарда жасыл бұрыш ұйымдастыру, қоқысты сұрыптау, терезе алды бақша, табиғатты қорғау тақырыбында іс-шаралар өткізу, ата-аналармен бірлескен экологиялық жұмыстар жоспарланғаны айтылды.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Тәрбиешілер «Жасыл балабақша» жобасының балаларға табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруда үлкен рөл атқаратынын айтып, экологиялық әдеттерді күнделікті режимдік сәттерге енгізу қажеттігін атап өтті.

Музыка жетекшісі экологиялық тақырыпта әндер, көріністер және шағын қойылымдар дайындау арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болатынын ұсынды.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Меңгеруші ұлттық ойындардың балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарды танып-білуіне зор ықпал ететінін атап өтіп, бұл бағыттағы жұмысты күшейтіп, ойындарды жүйелі түрде өткізуге міндеттеді.

Тәрбиешілер ұлттық ойындарды күн тәртібіндегі сергіту сәттерімен, серуен кезіндегі қимылды және дидактикалық ойындармен кіріктіре өткізу балалардың қызығушылығын арттыратынын айтты.

Әдіскер балалардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктелген ұлттық ойын түрлерін әдістемелік жинаққа енгізіп, педагогтарға арналған нұсқаулық ретінде ұсынуды жоспарлағанын жеткізді.

### **6-ТЫҢДАЛДЫ:**

Әдіскер Аметова Г.Н. мектептің бастауыш сынып мұғалімдерімен тәрбиешілердің бірлесе атқарған жұмыстары туралы есеп ұсынды. Жүргізілген жұмыстарға: ашық сабақтарға қатысу, мектепке дейінгі және мектептегі оқыту мазмұнының сабақтастығы, ата-аналармен бірлескен педагогикалық жиналыстар, балалардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау шаралары кіргені айтылды.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Әдіскер мектеп алды даярлық барысында балалардың ұсақ моторикасы мен графикалық дағдыларын дамыту үшін сызық жүргізу, штрихтау, өрнек құрастыру сияқты қосымша жаттығуларды жүйелі енгізуді ұсынды.

Тәрбиешілер бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлескен жұмыстың тиімді екенін айтып, оқу жылының екінші жартысында да ортақ шараларды, ашық сабақтарға қатысуды және балалардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау жұмыстарын жалғастыратынын жеткізді.

**Қаулы етті:**

1. Өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелердің орындалуына жасалған есеп қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Облыстық семинарда ұсынылған әдіс-тәсілдер мен материалдарды оқу-тәрбие процесінде қолдану педагогтарға міндеттелсін.
3. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парағының қорытындысы негізге алынып, әдістемелік қолдауды қажет ететін бағыттар бойынша жеке жұмыс жоспары әзірленсін.
4. «Жасыл балабақша» экологиялық жобасы бекітілсін.
5. Ересек топтағы балалардың ұлттық ойындарды игеру деңгейі бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі оң деп танылсын.
6. Мектептің бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлескен жұмыс жалғастырылсын.

**Төрайымы: Аметова Г.Н.**

